

"Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы"

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 29 мамырдағы № 01-4 /1 жолдауы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентіне елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жіберіліп отыр.

Бұдан бұрынғы жолдау жарияланғаннан кейін өткен кезең ішінде, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Республика Президентінің, Премьер-Министрінің, Парламент депутаттарының және соттарының өтініштері бойынша бірқатар нормативтік қаулылар қабылдады. Конституциялық Кеңес тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, сот құрылысы және сот ісін жүргізу, мемлекеттік және ресми түрде қолданылатын тілдердің қызмет етуі мәселелерін қарады.

Мәселен, Конституциялық Кеңес 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 1 қаулыда, Негізгі Заңның 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру шеңберінде, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының мамандандырылған соты құрылуына қатысты, "арнаулы" және "мамандандырылған" соттар ұғымын айқындап, олардың белгілерінің ара-жігін ашып көрсетті. Конституциялық Кеңестің қаулысында тұжырымдалған құқықтық позициялардан келіп шығатыны, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының мамандандырылған соты, Конституцияға сәйкес құрылуына жол берілмейтін арнаулы немесе төтенше сот болып табылмайды.

Негізгі Заңның 54-бабының 7) тармақшасына Республиканың халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және күшін жою тәртібін заңнамалық реттеу мәтінінде ресми түсіндірме бере отырып, Конституциялық Кеңес 2006 жылғы 18 мамырдағы № 2 қаулыда халықаралық шартты ратификациялау туралы заң мен ратификациялауға жататын халықаралық шартқа қосылу туралы заңның арасындағы ара-қатынасты айқындады. Конституциялық Кеңес, Парламенттің тиісті заң қабылдауы арқылы ратификациялау рәсімінен де, қосылу рәсімінен де өткен Республиканың халықаралық шарттары өзінің заңдық күші және құқықтық салдары жағынан тең мағыналы болып табылады, деп атап көрсетті.

2007 жылғы 18 сәуірдегі № 4 қаулыда Конституциялық Кеңес алқабилердің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы қылмыстық істердің соттылығын айқындаудың өз алдына дербес белгісі болып табылады, деп түсіндірді. Осыған байланысты, айыпталушының өз ісін соттың алқабилерді қатыстыра отырып қарауы туралы заңға негізделген өтінішін қабылдамауды Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3)

тармақшасында көзделген конституциялық кепілдіктерді бұзу деп таныған жөн. Айыпталушының (сотталушының) өз ісін соттың алқабилерді қатыстыра отырып қарауына құқығы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғау аясына жатады, сондықтан ол алдын ала тергеу кезеңінде ғана емес, басты сот талқылауы тағайындалғанға дейін де сотта берілуі мүмкін. Қазіргі уақытта мұндай өтініш мәлімдеу мүмкіншілігін заң қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу шегімен шектеп отырғандықтан, Конституциялық Кеңес қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары қорғалуының қосымша кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ алқабилер қатысатын соттардың әлеуетін толығырақ іске асыру мақсатында, Үкіметке қолданыстағы заңнамалық актілерге тиісті түзетулер енгізілуіне бастамашылық жасауды ұсынды.

Батыс Қазақстан облыстық сотының ұсынысы бойынша Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабы бірінші бөлігінің ережелерін Негізгі Заңға сәйкестігі тұрғысында тексерді, бұл ережелер, соттың пікірінше, азаматтардың анықтау, тергеу органдарының, прокурордың қылмыстық іс қозғау туралы қаулыларына сот тәртібімен шағымдану құқығын шектейді. 2007 жылғы 24 қаңтардағы № 1 қаулыда Конституциялық Кеңес, қаулы нысанында білдірілген, қылмыстық іс қозғау туралы процессуалдық шешім алдын-ала тергеуді немесе анықтауды бастау үшін құқықтық негіз болып табылады, ол қаулы қылмыстық іс бойынша бұдан кейінгі өндіріске байланысты адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары шектелетін салдарға да әкеп соқтыруы мүмкін, деп атап көрсетті. Мұндай жағдайларда, тұлғаға осы қаулыға тез арада сотқа шағымдану мүмкіншілігін бермеу оның құқықтары мен бостандықтарын сот тәртібімен қалпына келтіруге кедергі келтіреді. Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес, қаралып отырған Қылмыстық іс жүргізу кодексінің бабында тұлғаның қылмыстық іс қозғау туралы қаулыға шағыммен сотқа жүгінуіне мүмкіндік беретін норманың болмауы Кодекстің осы бабын конституциялық емес деп тану үшін негіз бола аламайды, деп атап көрсетті.

Конституциялық Кеңес ел Парламенті қабылдаған екі заңды Республика Президенті қол қойғанға дейін қарап, Конституцияға сәйкес емес деп тапты.

Мәселен, Парламент 2006 жылғы 8 маусымда қабылдап, Мемлекет басшысының өтінуі бойынша Конституциялық Кеңес қараған "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сот ісін жүргізуге қатысуын, Конституцияда жазылғандай заңмен ғана емес, заңдық күші төмендеу нормативтік құқықтық актілермен де реттеу мүмкіншілігіне жол берген болатын (Конституциялық Кеңестің 2006 жылғы 13 шілдедегі № 4 қаулысы).

Премьер-Министрдің өтініші бойынша, Парламент 2006 жылғы 30 қарашада қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының конституциялылығын тексере отырып, Конституциялық Кеңес адвокаттардың, Республика азаматтары ретінде, еңбек ету бостандығына, бірлесу бостандығына, ел аумағы бойынша еркін жүріп-тұру бостандығына деген конституциялық құқықтарына нұқсан келтіретін құқықтық нормаларды тапты. Оның үстіне, депутаттар бастамашылық жасаған, мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін түзетулері бар заңды қабылдай отырып, Парламент Үкіметтің оң қорытындысын алу қажеттігі туралы Конституция талабын орындамаған, ал заң мәтінінде болса орыс және қазақ тілдеріндегі редакцияларының әр түрлі оқылуы анықталды, бұл оны бір мағынада түсінуге мүмкіндік бермеген еді (Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы № 2 қаулысы).

Өткен кезең ішінде, Республика Парламентінің депутаттары және Үкіметі Конституциялық Кеңес қабылдаған қаулыларды түсіндіріп беру туралы өтініш жасады.

Мәселен, бір топ депутаттардың өтініші бойынша, "Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 қаулысына Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысымен түсіндірме берілді. Ол қаулыда мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылатынына тағы да назар аударылды. Сонымен бірге, ресми түрде қолданылатын тілдің конституциялық мәртебесі орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді. Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді. Сонымен бір мезгілде Конституциялық Кеңес, заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды деген, сондай-ақ әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығын баянды ететін конституциялық ережелердің талабын ескеруге тиіс, деп атап көрсетті.

Үкіметтің өтініші бойынша, "Астана қаласы сотының ұсынысы бойынша "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағының конституциялылығын тексеру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 31 қаңтардағы № 1 қаулысына түсіндірме беру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 6 шілдедегі № 3

қаулысымен, нотариат қызметінің сипатын жария-құқықтық деп тану, бұл қызмет нотариустың мемлекеттік органдарға тән жекелеген функцияларды орындауымен байланысты екендігін білдіреді, деп қосымша түсіндірді. Бұл орайда Конституциялық Кеңес, нотариат толығымен жария-құқықтық институт болып табылмайды, ал мемлекет атынан билік етуге мемлекеттік қызметтегі нотариустар және мемлекеттік органдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға заңмен уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары ғана хақылы, деп атап көрсетті. Негізгі Заңның әлеуетін уақтылы және толық пайдалану конституциялық заңдылық жай-күйінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, Конституцияның жекелеген нормалары әлі де болса заңнамалық жолмен жеткілікті түрде дамытылмағанын, Конституцияда көзделген жекелеген институттардың құрылуы қамтамасыз етілмегенін атай кеткен жөн.

Қазіргі уақытқа дейін Конституцияның елімізде жергілікті өзін-өзі басқару енгізілуіне қатысты ережелері (89-бап) іске асырылмай отыр. Жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттігін, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібін айқындайтын заң қабылданбады, соған байланысты, азаматтардың жергілікті деңгейдегі мәселелерді өз бетінше шешуге деген конституциялық құқығы жүзеге асырылмады.

Ұзақ уақыттан бері, тіпті Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні бекіткеннен кейін де, тұтқындауға санкцияны, прокурорлармен қатар, соттың да беруіне мүмкіндік туғызатын конституциялық норма заңнамалық актілерде өзінің дамуын таппады (16-баптың 2-тармағы). "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Қазақстан Республикасының Заңында тұтқындауға санкцияны соттың ғана беретіндігінің бекітілуі адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін күшейте түсіп, осы саладағы халықаралық стандарттарға көшуді білдіреді.

Негізгі Заңның әркімнің білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік беретін нормаларын (13-баптың 3-тармағы) нақты мазмұнмен толтыру үшін мейлінше толық шаралар қабылданбады. Қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде сезіктілерге (айыпталушыларға) ғана емес, қылмыстан жәбірленушілерге де заң көмегін көрсету, соның ішінде тегін көрсету моделін оңтайландыру арқылы бұл проблеманы шешуге болар еді. Жүргізіліп отырған жұмысқа қарамай, Конституцияның Үкіметті, жергілікті өкілді және атқарушы органдарды арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндеттейтін ережелері (93-бап) тиімділікпен орындалмай отыр.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету "сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс" деген конституциялық талап (80-бап) заңнамада да, практика жүзінде де толығымен іске

асырылып отырған жоқ. Жоғарғы Соттың ақпараты бойынша, 2007 жылы жергілікті соттардың судьяларына қызметтік баспана сатып алу үшін бөлінген мемлекеттік бюджеттің қаржысы қажеттіліктің бес пайызын ғана құрайды. Жергілікті соттар судьяларының материалдық жағдайын жақсарту қажеттігі туралы пікірлер де қаралып, назар аударуға тұрарлық.

Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларын орындау және оның Республика Парламентіне жіберілетін жыл сайынғы жолдауларындағы ұсыныстарын іске асыру елімізде конституциялық заңдылықты конституционализм принциптерін орнықтырудың негізі шарттарының бірі болып табылады.

Конституциялық Кеңестің қаулыларының орындалуы мәселелері 2007 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің отырысында арнайы қаралып, тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға елдегі конституциялық заңдылықты нығайтуға бағытталған тапсырмалар берілді. Осы мақсатта Республика Үкіметі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкестендіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі. Конституциялық Кеңестің конституциялық бақылау функцияларын іске асыру кезінде қабылданған көптеген шешімдері де Парламенттің заң шығармашылығы қызметінде өзінің тиісті көрінісін тапты.

Сонымен бірге, байқалып отырған оң үрдістерге қарамай, Конституциялық Кеңес тапқан осы бұзушылықтарды жою жұмыстарының мардымсыздығы конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудегі кемшіліктердің бірі болып қалуда. Конституциялық бақылау практикасын қорыту көрсеткеніндей, заң шығармашылығы процесіне қатысушылар Конституциялық Кеңестің заңнама арқылы реттеуді қажет ететін қаулыларын барлық кезде де уақтылы әрі толық орындай бермейді.

Өзінің 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 21/2, 2001 жылғы 9 шілдедегі № 12/2, 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4 қаулыларында Конституциялық Кеңес, мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыруға қатысты конституциялық нормаларды түсіндіре отырып, Конституция "мемлекет мұқтажы", "мемлекеттік қажеттілік", "ерекше жағдайлар", "құны тең бағамен өтелген кезде" деген ұғымдарды анықтап отырмастан, мұндай міндетті заңдарға жүктейді деп атап көрсеткен болатын. Алайда, заңнамалық актілерде бұл ұғымдар толық ашылмаған, сондықтан құқық қолдануда белгілі бір қиыншылықтар туындатып, бір топ Парламент депутаттарының Конституциялық Кеңеске кезекті жүгінуіне негіз болды.

Конституциялық Кеңестің 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 қаулысымен Республика Үкіметіне Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен адамдарды

әлеуметтік қорғау бөлігіндегі заңнаманы үйлесімге келтіру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылған болатын. Алайда осы уақытқа дейін Үкімет тарапынан бұл мәселе бойынша қандай да бір заң шығару бастамасы болған жоқ.

Республика Сыртқы істер министрлігінің ақпараты бойынша, Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 7 мамырдағы № 6/2 қаулысымен конституциялық емес деп танылған, "Байқоңыр" кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының бірлесіп іс-қимыл жасауы туралы келісімнің ережелерін Конституцияға сәйкестендіру процесі жалғасуда. Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы үкіметтерінің арасында 2006 жылғы 3 қазанда жоғарыда аталған келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама қол қойылды, оған сәйкес "Байқоңыр" кешені аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына берілетін болады.

Алайда, "Байқоңыр" ғарыш айлағы аумағында Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарына берілетін кепілдіктерге қатысты қол жеткізілген келісімдер осы уақытқа дейін екіжақты ратификациялау рәсімінен өткен жоқ. "Ресей Федерациясының аумағында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының, және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы" 1995 жылғы 20 қаңтардағы Келісім Қазақстан Республикасының Негізгі Заңына және Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысына сәйкестендірілмеген.

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 1 қаулысында тұжырымдалған, мамандандырылған соттардың бірыңғай сот жүйесіндегі орны (облыстық немесе өзге де жергілікті соттарға теңестірілуі) конституциялық заңмен айқындалуға тиіс деген құқықтық позиция осы уақытқа дейін заңнамада ескерілген жоқ.

Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сай адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен ғана шектелуі мүмкін, Конституциялық Кеңестің бұдан бұрынғы жолдауында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер осы талапқа сәйкестендірілмеген. Атап айтқанда, қызметі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен реттелетін, адамдарды уақытша оқшаулау, жасөспірімдерді бейімдеу және оналту орталықтарында, медициналық айықтырғыштарда, қабылдау-бөлу орталықтарында, маскүнемдіктен, нашақорлық пен уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге арналған мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінде ұстаудың негіздері мен тәртібі осы уақытқа дейін заңда бекітілмеген.

Конституциялық бақылау практикасы, конституциялық заңдылықтың қамтамасыз етілуі көп жағдайда қолданыстағы заңнаманың жай-күйі мен сапасына, еліміздің Негізгі Заңына сәйкес келетіндігіне байланысты екенін көрсетеді. "Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығында жазылған, қолданыстағы заңнама жүйесін Негізгі Заңның нормаларына сәйкестендіру қажеттігі туралы талап бүгінгі таңда да өзекті болып қалуда.

Сонымен бірге, қолданыстағы құқық әр кезде де жүйелі түрде дамымай келеді, бұл жекелеген жағдайларда оның салаларының арасындағы байланыс бұзылуына әкеп соғуда. Тым жиі өзгерістер енгізу салдарынан заңдардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр, әлі күнге дейін оларда заңға тәуелді құжаттармен реттеуді талап ететін көптеген сілтеме нормалар кездеседі.

Мұны көп жағдайда заң шығармашылығы процесіне қатысушылардың қызметі жеткілікті түрде үйлестірілмегенімен түсіндіруге болады. Конституциялық Кеңестің практикасы көрсеткеніндей, Үкімет бастамашылық жасаған кейбір заң жобаларының сапасы тиісінше болмауы, депутаттардың заңды қабылдай отырып, оның тұжырымдамасы шеңберінен жиі шығып кетуіне әкеп соқтырады. Үкімет, өз кезегінде, мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобасы бойынша өзінің қорытынды беруі туралы конституциялық құқығын пайдалана отырып, депутаттардың заң шығару бастамасына көбінесе тосқауыл қояды. Осының бәрі де Үкімет пен Парламент арасындағы келісу рәсімін күрделендіріп, заң шығару процесін созып жібереді және заңдардың сапасына кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты Парламенттің Конституцияда көзделген жағдайларда Үкіметтің оң қорытындысын алу рәсімін заң арқылы реттеу қажет деп пайымдаймыз.

Бұдан бұрын Конституциялық Кеңестің шешімдерінде заңдардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бірізділігі мәселелері бірнеше рет қозғалған болатын. Жоғарыда аталған 2007 жылғы 14 ақпандағы № 2 нормативтік қаулыда Конституциялық Кеңес, құқықтық норманың мазмұнын тұжырымдамалық түрде бұрмалайтын және оны бір мағынада түсінуге мүмкіндік бермейтін заңның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес болмауын осы заңнамалық актіні конституциялық емес деп тану үшін өз алдына дербес негіз деп тапты. Бұл заңнамалық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің әр түрлі оқылуы проблемасы түпкілікті шешімін таппағанын айғақтайды.

Атап өткен жөн, Конституциялық Кеңесте қаралған өтініштердің жалпы саны елдегі конституциялық заңдылықтың шынайы жай-күйін білдірмейді. Бұдан бұрынғы жолдау жарияланғаннан бері өткен кезең ішінде ғана, Конституцияға сай өздерінің Конституциялық Кеңеске өтініш беру субъектілері ретінде құқығы жоқ жеке және заңды тұлғалардан конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылғандығы туралы 200-ге жуық хат Конституциялық Кеңеске келіп түсті. Осы жазылғандар соттардың, прокуратура органдарының, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және Республиканың өзге де құзырлы органдарының тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын толық және тиімді қорғау мақсатында құқық қорғаушылық функцияларын күшейту қажет екендігін айғақтайды. "Қазақстан Республикасының

Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы еліміздің саяси және құқықтық жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам болды. Осы заңнамалық актіде көзделген конституциялық жаңа бастамалар Қазақстанның демократиялық дамуындағы жаңа кезеңді ашып, бірінші кезекте, ел Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың өкілеттігін едәуір кеңейтуге, саяси партиялардың рөлі мен маңызын күшейтуге, сот жүйесі мен жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруге бағытталған. Осыған орай Конституциялық Кеңес, жаңартылған Негізгі Заңға сәйкестендіру мақсатында бүкіл заңнамалық базаны тексеріп шығу бүгінгі күннің бірінші кезектегі конституциялық міндеті болып табылады, деп есептейді.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, осы жолдауда санамалап айтылған проблемаларды шешу елдегі конституциялық заңдылық режимін нығайтуға, Конституцияға және тұтас алғанда құқыққа құрметпен қарауға септігін тигізеді. Конституциялық Кеңес, осы жолдау жіберіліп отырған Қазақстан Республикасы Парламенті, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар осы мақсатта өз құзыреті шегіндегі қажетті барлық шараларды қабылдайды деп үміттенеді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі